



Халықаралық ғылыми-танымдық,
тәрбиелік педагогикалық журналы

БІЛІМ

№ 39
ЖЕЛТОҚСАН
2020 жыл

ӘЛЕМІ



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ТАНЫМДЫҚ,
ТӘРБИЕЛІК ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ЖУРНАЛЫ



БІЛІМ ӘЛЕМІ



№39

Желтоқсан

2020 жыл

Журнал 2017 жылы Қазақстан Республикасы
Инвестициялар және даму министрлігінде тіркелді.
Автордың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
Қолжазба рецензияланбайды және авторға қайтарылмайды.

Меншікті несі: Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығы

Білім әлемі
Республикалық ғылыми-танымдық, тәрбиелік педагогикалық журналы
Журнал айына бір рет шығады

Бас редактор: Назгүл Жолтаева 8707 177 71 08

Ақылдастар алқасы:

- Қайыржанова С.Е.**, педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Дубин С.Н., психология ғылымдарының докторы, доцент
Бекжігіт С., филология ғылымдарының кандидаты, профессор
Әбіл Е.А., тарих ғылымдарының докторы, профессор
Джорабекова А.М., педагогика ғылымдарының докторы, профессор
(Бішкек қ., Қырғыз Республикасы)
Ким.Н.П., Педагогика ғылымдарының докторы, профессор
Султанбаева Г.С., саяси ғылымдарының докторы, профессор (Алматы қ.)
Крымов А.А., заң ғылымдарының кандидаты, доцент (Рязань қ.)
Татарян В.Г., заң ғылымдарының докторы, профессор (Мәскеу қ.)

Редакцияның мекен-жайы:

Қазақстан Республикасы, 050016, Алматы қаласы,
Пушкин көшесі, 2/76 үй, "JBS Sayahat" Б.О, 9 қабат,
911 кабинет.

Авторлық редакциямен жарыққа шықты

ҚАШЫҚТЫҚТАН ОҚЫТУДА ТИІМДІ ӘДІС-ТӘСІЛДЕРДІ ПАЙДАЛАНУ

Мамихова Гулниса Абуталиповна

Түркістан облысы, Қазығұрт ауданы

«Абай атындағы жалпы орта білім беретін мектеп»

коммуналдық мемлекеттік мекемесі, химия пәні мұғалімі

Тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Қашықтықтан оқыту ұғымын кең мағынада алсақ, бұл тыңдаушылар мен оқытушылардың бір-бірінен кеңістікте алыстатылған оқу формасы. Қазіргі білім саласындағы талап та оқушылардың білім дәрежесінің артуын талап етіп отыр. Сондықтан да қашықтықтан оқытуда ұйымдастыруда тиімді тәсіл ретінде кейс технологиясын ұсынғым келіп отыр. Кейс технологиясы (ағылшынның case-портфель) оқытуда жасалынған әдістемелік материалдармен іске асырылады. Кейс технологиясына арналған материалдар түрлері мыналар:

1. Әдістемелік нұсқалар. Оқу құралдары мен глоссарий. Оқушыларға оқу жоспарлары бойынша электрондық тасымалдаушыларда материалдар кешені (кейс) беріледі. Кешенді даярлауда ұжымдық әдістер, жобалау әдістері қолданылады. Мұндай әдістердің тыңдаушылардың белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін арттыруға септігі мол;

2. Жұмыс дәптері;

3. Анықтама;

4. Оқу, аудио, бейне материалдары.

5. Бақылау және емтихан материалдары (қазіргі білім саласында жб, тжб тапсырмалары)

Кейс әдісінің көмегімен оқушылар өз беттерінше теорияны меңгере отырып, сонымен қатар өз ойын жүзеге асыру мүмкіндігіне ие болады. Себебі оқушылардың көпшілігі естігеннің 5% және көргенінің 20% есте сақтайтыны белгілі. Аудио және видеоаппараттарды бір мезгілде қолдану есте сақтауды 40-50% дейін арттырады. Сондай-ақ кейстің құрамында білгілі бір нормативті талаптар жоқ. Кең таралған құжаттар мен дыбыс, анимация, графикалық кірістірулер, слайд-шоу пайдаланады. Оқушы оқулықтың кез келген бетін қағазға басып шығара алады. Оқушы жағдаятқа талдау жасау арқылы болашақ маман ретінде қалыптасып, сабаққа қызығушылығы артады.

«Тегінде адам баласы адам баласынан ақыл, ар, мінез деген қасиеттерімен озады», - деп Абай ағамыз айтқандай, озық ойлы, білімдер азаматтар заманның, қоғамның дамуына, өзгеруіне үлесін қосып келеді.

«Біз тарихтан-кеменгерлікті, поэзиядан-шешендікті, математикадан-зеректікті, жаратылыс ғылымдарынан – тереңдікті, логика мен көсемсөзден-айтысу дағдысын үйренеміз» деген ұлы Ф.Бәкон тағылымы дәл бүгінгі күннен сыр шерткендей. Ендеше, ізденіске жетелейтін, іздегенге көмекші құрал болар әдіс-тәсілдер бір қажеттеріңізге жарасын!

Тағдырдың талай сыны өткен бұл тарихта,

Бекем бол, мықты, қаймықпай қарсы тұр, сынба!

Ашылып аспан жауыннан соңғы бұлттардай,

Бірлікте елім, жарқырап күнің алда!

Баланың бойында терең ойлану, өз идеялары мен әрекеттерін талдау, бағалау, пікірталастарға қатысып өз ойы мен пікірін дәлелдеу, басқа балама пікірді ескеруі және шешім қабылдауы, қиын мәселелерді шешуі барысында бала сол күнгі білімді есте сақтайды.

Кездескен кедергілерге келетін болсам, бір сабақта көп әдісті қолдануға болмайтындығы, себебі әр тапсырма уақытты талап етеді. Уақыт тар болғандықтан толық ашылуға уақыт жетпейді. Екіншіден топтың дұрыс бөлінбеуі, бір топта гуманитарлық пән мұғалімдері жиналғандықтан олар шапшаңдау болды деп ойлаймын. Негізінен кері байланыс нәтижесі бойынша мақсатыма жеттім, енді әдістемелік күні сабақтарында қалай қолданатындарын көріп, қорытынды жасай аламын. Қазірдің өзінде қызығушылық танытып жатқан ұстаздарымыз келіп көмек көрсетуімді сұрауда. Бағдарламада көрсетілген 7 модульді қолданысқа енгізу, оның нәтижесіне қорытынды жасау терең зерттеуді керек етеді. Бағдарлама нәтижесі мұғалімдер оқушыларға қалай оқу керектігін үйреніп, соның нәтижесінде еркін, өзіндік дәлел уәждерін напымды жеткізе білетін, ынталы, сенімді, сыни пікір көзқарастары жүйелі дамыған, сандық технологияларда құзырлылық танытатын оқушы қалыптастыруға даярлау болып табылады. Оқыту мен оқудағы жаңа тәсілдер – қолдану әрбір мұғалімнің көздеген мақсатына жету үшін оңтайлы тәсіл болып табылады. Себебі балалар бір-бірімен диалогтік әңгіме құра отырып, еркін ой бөліседі.

Елбасымыз Н.Ә. Назарбаев жолдауында айтқандай: "Болашақта өркениеті дамыған елдердің қатарына ену үшін заман талабына сай білім қажет. Қазақстанды дамыған 50 елдің қатарына жеткізетін, терезесін тең ететін- білім". (Елбасының халыққа жолдауынан) Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жасаған Құзыреттерді анықтау және іріктеу жобасы дағдылардың барынша кең ауқымын қамтитын ХХІ ғасыр дағдыларының моделі болып табылады.

Мектеп өмірінде оқушылардың өздігімен білім алу үдерісіне дейінгі және кейінгі кезеңін (аралығын) салыстырғанда, оқушылардың оқуға деген ынта-ықыласының артқандығын, рухани-адамгершілік жақсы қасиеттердің қалыптасқандығын, мұғалімнің шыдамдылық, төзімділік сияқты сапаларымен қатар оқушылардың басқаны қабылдау, түсіну, сыйлауды үйренгендігімен сипатталады.

Бүгінгі қоғамға, білім беру саласына керегі де осылар. Оқытудың осындай жаңа педагогикалық әдіс-тәсілдерді сабаққа ендіру бүгінгі таңда әрбір ұстаздың басты мақсаты болуы керек. Себебі, елімізге заман талабына сай қалыптан тыс ойлай алатын, шұғыл шешімдер қабылдай білетін, белсенді, бәсекеге қабілетті ұрпақ қажет деген талапқа сай ұжымдық жұмыс өзінің тиімділігін тәжірибеде дәлелдеп берді.

Интерактивті оқыту әдісінің ең бастысы, жауаптың өзінен де мәселені шешу үдерісінің маңызды немесе маңыздырақ екенін түсіну. Интерактивті әдістің мақсаты тек қана ақпарат беру ғана емес, оқушының өз бетімен жауапты табу дағдыларын қалыптастырумен байланысты.

Менің ойымша, әр мұғалім «сындарлы оқыту теориясына» бағытталған деңгейлік бағдарламасында айтылғандай түрлі тәсілдерді күнделікті сабақта қолдана, ғана еңбегінің жемісін көреді. Сондықтан жаңа білім парадигмасы бірінші орынға баланың білімін, білігі мен дағдысын емес, оның тұлғасын, білім арқылы дамуын қойып отыр. Яғни, бағдарламада көрсетілген 7 модульді қолданысқа енгізгенде, бала жан-жақты дамыған, білімді, өз ісіне және өзгенің ісіне әділ баға бере алатын, өзіне сенімді, Отанның әлеуметтік-экономикалық жағынан дамуына зор үлесін қоса алатын азамат болады.

Интерактивті әдістің кейбір түріне тоқталдық, жалпы бұл әдіс оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуда, өмірлік міндеттерін шешу үшін пайдалануда, өз ой-пікірін еркін жеткізуде маңызы зор.

Қашықтықтан оқыту ұйымдастыру мен тәртіпті талап етеді. Мысалы, бастауыш сыныптағы кішкентай балалар үшін қашықтықтан өз бетінше білім алу қиын. Олар үнемі ата-ананың, ұстаздың бақылауын қажет етіп тұрады. Дәстүрлі оқу кезінде үйдің де, мектепте де оларға арнайы көңіл бөлінеді. Ата-ананың орындай алмайтын кейбір функциясын ұстазы орындайды, ал ұстазы жеткізе алмаған нәрсені ата-ана іліп алып кетіп отырады. Ал қашықтықтан оқыту кезінде бастауыш сыныптарда оқытын балаларға эмоция, кері байланыс жетіспейді. Сондықтан, жоғары сыныптарға қарағанда бастауыш сыныптарға қашықтықтан білім беру тиімсіз. Сонымен қашықтықтан оқытудың тиімсіз тұстарын тізбелеп көрейік:

Интерактивті оқыту әдістері дәстүрлі оқыту әдістерінен оқу үрдісінде оқушылардың өзінің өмірлік тәжірибелерін пайдалану арқылы есте берік сақтауымен, мәліметтерді талдап, жинақтау арқылы жеке және кәсіптік қабілеттерін аша алуымен ерекшеленеді. Дегенмен, интерактивті оқыту қажетті ақпаратты игеруге уақытты көбірек бөлуді, бағалауда жаңа, күрделі өлшемдерді қолдануды қажет етеді және оқушылардың танымдық іс-әрекетін басқаруда тәжірибесі аз мұғалімдерге көптеген қиындықтар туғызады.

Аталған жағдайды тудыру үшін ең тиімді жолы - топтық жұмыс. Мұндай жағдайда мұғалім диагностика мен мониторингті қамтамасыз етеді, оқу-жаттығу ортасын ұйымдастырады, алғашқыда басқа ресурстар болмаса қолдау (кеңес, нұсқаулар береді) көрсетеді.

Ұқсастығын немесе белгілі бір құбылыстардың айырмасын жариялау қажет болса, топтық жұмыста мұндай стратегиялар қолданылады - қатысушылардың әр түрлі топтармен бір мәселе бойынша пікір алмасуы өзара үйрету, үйрену жолдары жүзеге асырылады.

Білім процесінің субъектісі ретінде топтың интерактивті режимін енгізу не береді? Бұл, ең алдымен:

- * қарым-қатынас жасау және өзара әрекет ету машығын дамытады;
- * топтың бағалық-бағыттаушылық бірлігін қалыптастырады;
- * жағдайға байланысты әлеуметтік рөлдер ауысымының икемділігін кеңейтеді.

Топтық жұмыстардың пайдасы мен оның тиімділігі бойынша зерттеулер әртүрлі бағытта жүргізілуде. Психологтер тұлғаның жетілуі үшін топтық жұмыстар қолайлы жағдай туғызатынын ашып көрсетеді, соның арқасында топта ынтымақтастық атмосферасының жақсаруы көрініс табатынын айтады. Педагогтер оқытуда топтық жұмыстардың атқаратын рөлін қарастырады. Олардың ойынша, топтық жұмыс оқыту процесін байытта түседі, оқу жұмыстарын қызықты және өзара оқыту арқылы, бір-бірінен оқуға ықпал етеді, деген ой қалыптасқан.

Осы пікірлерді ойға түйе отырып, педагогтердің біліктілігін арттыру курстарында аталған интербелсенді әдістерді үнемі тәжірибемде жүзеге асырамын. Әсіресе, топтық жұмыс мұғалімдердің өзара оқуына, пікір алмасуына жағдай тудырады. Топтық жұмысты ұйымдастырғанда кездесетін көптеген кедергілер де бар. Осы бағытта кезігетін кедергілер:

1. Топ ішінде белсенділік танытпайтын адамдардың пайда болуы;
2. Уақыттың тиімсіз пайдалануы;
3. Топтасу пайда болуы, яғни топтар арасында өзара қиындық туындауы;
4. Топтық жұмыстардағы шу;
5. Топ ішіндегі спикерлердің дәлелсіздігі.

Осы мәселелердің барлығы топтық жұмыс жасауда кедергілер келтіреді. Осы кедергілерді жою мақсатында әртүрлі әдіс-тәсілдерді ұйымдастыруға болады.

Мысалы, бірінші мәселе бойынша, топ ішінде белсенділік танытпайтын оқушыларды ынталандыру үшін, тапсырма бергеннен кейін топ ішінде аралап жүріп, аз қатысып отырған адамды таңдап, орындық арқасына стикер жапсырып кетуге болады. Тапсырманы орындап болғаннан кейін спикер тағайындауда, орындықтың артында стикермен белгіленген адам болады деп жариялаймын.

Сонымен қоса, топ ішінде бейімделмей отырған адамдарды іріктеп, олардың ортақ ерекшеліктерін ескеріп, мысалы, киім үлгісі, шаш ұзындығы, киімнің түсі, немесе қаламның түсін бақылап, «Күннің көзі түсті ...» әдісін ұйымдастыруға болады. Мысалы, «Күннің көзі қызыл қалам ұстап отырғандарға түсті», «Күннің көзі ұзын шаштыларға түсті» деп топ мүшелерін белсенділікке тәрбиелеуге болады. Ең тиімді әдістің бірі «3 таяқша» әдісі. Әрбір топ мүшесіне 3 таяқшадан үлестіріліп, тақырып төңірегінде 1 - идея, 1 - сұрақ, 1 - жауап беруге тапсырылады.

Уақытты топтық жұмыста үнемі пайдалану мақсатында да, түрлі әдістерді іске асыруға болады. Топ ішінде «Уақыт сақшысын» тағайындау, немесе тапсырмалар барысында электрондық уақыт «Timer»-ді тиімді пайдалануға болады.

Топтық жұмыс барысында топтар ішінде түрлі кикілжін жағдайлар туындауы мүмкін. Яғни, топтар арасында бәсекелестік туындап, ол бәсекелестік дауды тудыруы мүмкін. Оның алдын алу үшін топтар құрамын үнемі ауыстырып отырған дұрыс, яғни ауыспалы топтар жасау. Топтарды құруда түрлі әдістерді қолдануға болады: суреттер, сандар, түстер ақылы, бойларымен тұрғызып, туған күндері, жастары бойынша есімдерінің әріптері арқылы, мозайка т.б. тәсілдер қолданамын.

Әрине, топтық жұмыста шусыз жұмыс жүрмейді, бірақ соның біршама алдын алу үшін, топтық ереже қабылдаған жөн. Топтық ережені құрғанда оны сақтау үшін мұғалімдердің өздеріне құрғызып, ереженің астыңғы жағына қолдарын жинап, бздін топ құжаты деп таныстырамын. Топ ережесінде уақытты тиімді пайдалану туралы пікірді де енгізуге болады. Негізгі осы ереже арқылы топтық жұмыста көптеген мәселені шешуге болады. Ең бастысы, көшбасшыға топқа ереженің маңыздылығын, оның қиындылығын дұрыстап жеткізу.

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ

РУХАНИ
ЖАҒҒЫРУ



DIPLOM

II орын

Халықаралық ғылым мен білімді қолдау орталығының
ұйымдастыруымен өткен білім саласы қызметкерлеріне арналған

«Шебер Педагог -2020» атты II халықаралық
байқауына **«Ең үздік сабақ жоспары»** номинациясы
бойынша қатысып үздік нәтиже көрсеткені үшін

Мамихова Гулниса Абуталиповна

марапатталады

Халықаралық ғылым мен білімді
қолдау орталығының директоры



Н.А. Жолтаева

Алматы 2020 жс

тіркеу № 012/04



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ



ДИПЛОМ

*«Білім әлемі» Республикалық ғылыми-танымдық,
тәрбиелік педагогикалық материалдар жинағының*


№ 39 санына

үздік жұмысын жариялаганы үшін

Мамихова Гулниса Абуталиповна

марапатталады

Халықаралық ғылым мен білімді қолдау
орталығының директоры



Н.А. Жолтаева

Алматы 2020 ж.

тіркеу № 039/0509



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ
ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ



ДИПЛОМ

*«Білім әлемі» Республикалық ғылыми-танымдық,
тәрбиелік педагогикалық материалдар жинағының*

№ 39 санына

үздік жұмысын жариялағаны үшін

Мамихова Гулниса Абуталиповна

марапатталады

Халықаралық ғылым мен білімді қолдау
орталығының директоры



Н.А. Жолтаева

Алматы 2020 ж.

тіркеу № 039/0509

Республиканың ғылыми - әдістемелік журнал

ZHARQYN BOLASHAQ

Республиканский научно - методический журнал



ЖАКИПОВА ГУЛЗАТ САРСЕНБАЕВНА

Шымкент қаласы

№ 5 «Нұрсәт» бөбекзаттай бақшасы

педагог-психолог

**БАЛАБАҚША ФЛИПЧАРТ ӘДІСІМЕН БАЛАЛАРМЕН ПСИХОЛОГИЯҒА ОҚУ
ІС – ӘРЕКЕТІНІҢ ТЕХНОЛОГИЯҒА КАРТАСЫ**

«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал

«ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ» Республиканский научно-методический журнал

Желтоқсан /Декабрь №12 (4) / 2020 жыл Алматы қаласы

Бас редакторы: Дауенова Айдана Даукенқызы Редакция алқасы: Талғатова Назгүл Редакция мекен-жайы: Алматы облысы, Іле ауданы, КазЦИК ауылы, Қ.Байқадамқызы көшесі №67 Редакция телефоны: 8 708 109 15 99 e-mail: Zharkyn.bolashak10@mail.ru Куәлік Журнал Қазақстан Республикасы ақпарат және коммуникация министрлігі бұқаралық ақпарат құралдары саласындағы мемлекеттік бақылау комитеті №16422 - Ж куәлігі берілді. Айына 1 рет қазақ және орыс тілінде шығады. Теруге 05.10.2020ж берілді Басуға 05.10.2020ж қол қойылды Таралымы 1000 дана Журнал ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ баспаханасында басылды	Мазмұны <i>Нұржигитов М. С.</i> Мектептегі әдістемелік жұмысты ұйымдастыру.....2 <i>Кожанов С.Ж.</i> Жетекшілік және басшылық.....3 <i>Әбіханова А.Ш.</i> Бастауыш сыныптарда кембридж тәсілімен оқытудың әдіс-тәсілдері.....5 <i>Мусабекова Ж.Э.</i> XVIII ғасырдағы қазақтардың материалдық мәдениеті.....8 <i>Мамихова Г.А.</i> Бала, педагог, ата-ана балаларды тәрбиелеудегі бірлікті қамтамасыз ету.....10 <i>Шынтасова З.Т.</i> Дарынды балалармен жұмыс.....13 <i>Айтбаев Т.Б.</i> Оқушылардың ғылыми - шығармашылық, зерттеушілік ізденісін қалыптастыру.....17 <i>Сейтханова Г.С.</i> “Басты ұстаным - рухани жаңғыру”.....21 <i>Жорабеков У.Ж.</i> Қазақ халқының салт - дәстүріндегі ойын элементтерінің бала тәрбиесіндегі рөлі.....22 <i>Джапариев А. Т.</i> Ұрпақ тәрбиесі - ұлттық педагогика негізінде.....25 <i>Исаева Г.А.</i> Ағылшын тілі сабағында ақпараттық технологияны пайдалану.....27 <i>Жаксыбаева Г. Т.</i> Игровые формы обучения.....30 <i>Тастанбекова Г. Ш.</i> Развитие интерактивных видов обучения – основа инновации учебно-воспитательного процесса.....32 <i>Кемерова Г.М.</i> «Қазақ тілі сабақтарында жаңа модульдік технологияларды, диалог, монолог түрлерін қолдану барысында ауызекі сөйлеу тілін дамыту».....36 <i>Омарова Б.А.</i> Биология пәнінен экологиялық тәрбие беру жолдары.....38 <i>Муталиева Н. Э.</i> Бастауыш сыныптарда шешендік сөздерді оқытудың ерекшелігі.....39 <i>Сейданова Г. Т.</i> «Развитие коммуникативной компетентности учащихся в процессе освоения новых педагогических технологий»42 <i>Медеуова Г.К.</i> Инновационные методы преподавания на уроках русского языка как фактор формирования грамотной языковой личности44 <i>Болысбаев Б. Ж.</i> Информатика сабағында жеті модульді тиімді пайдалану.....46 <i>Келесбаева Г.Ж.</i> География сабағында инновациялық технологияларды пайдалана отырып оқушылардың танымдық қызығушылықтарын дамыту.....48 <i>Бекбауова Д.Д.</i> Музыка сабағында сын тұрғысынан ойлау технологиясы арқылы оқушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру.....51 <i>Джсетписова А. Қ.</i> Күзгі ағаш53 <i>Кадырова Н.Р.</i> қысқы ағаштар (шырша).....55 <i>Мамышева Г.С.</i> Ғажайып пішіндер.....56 <i>Умирбекова Н.К.</i> «Жолда жүре білейік!»59 <i>Балабекова Г. Ж.</i> «Үшбұрышпен таныстыру».....61 <i>Жартыбаева К.Н.</i> Мерекелік ән мен би.....63 <i>Кусаинова И.С.</i> «Көктем келді».....64
--	---

7 мин Қорғауға	-Ұлттық киімдердің маңыздылығына, ыңғайлылығына қарай сипаттап, кемінде 2 дәйек келтіреді; - Ұлттық киімдердің ұлттық нақыш пен құндылық ерекшеліктеріне сәйкестігін түсіндіріп, кемінде 2-дәйек келтіреді Кері байланыс. Мұғалімнің бағалауы.	
Сабақтың аяғы 2 мин	Рефлексия. «Өз жетістігіңді бағала» -Сабақ өте қызықты өтті.Маған бәрі ұнады. -Маған сабақ ұнады. Бірақ мәлімет аздау болды. -Тапсырма түсінікті болмады, маған сабақ қызықты болған жоқ.	Түрлі түсті стикерлер

БАЛА, ПЕДАГОГ, АТА-АНА БАЛАЛАРДЫ ТӘРБИЕЛЕУДЕГІ БІРЛІКТІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
Абай (Ж) атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
Мамихова Гулниса Абуталиповна

Бала, педагог, ата-ана балаларды тәрбиелеудегі бірлікті қамтамасыз ету. Мұғалім мен оқушылардың қатынасуында көптеген жағдайлар бар. Рухани өсімнің үздіксіздігі, кіші мектептер жасындағы оқушының бір қалыпты жетілуден бастап, тез секіріп үзіліп кететін жеткіншек мінезінің қалыптасуы, мұғалімге оқушымен көріп жүрген қатынасудың өзінде өзін тыныш сезіну мүмкіндігін бермейді. Жеткіншек жасөспіріммен қарым-қатынастың жетілуі олардың көңіл-күйінің төмендеуіне байланысты күрделіленеді – ол жеңіл және еркіндіктен бастап, тез жараланатын күйбелектікке дейін өзгеруі мүмкін. Педагог кез-келген нақты жағдайда дұрыс бағытталған оқушының көптеген сапаларын жұмсартуға арналған ерекше жалғыз қатынасу жолын таба білуі қажет. Педагог тәрбиеленушілерін өз сезімдерін басқара алуға, шындықты қабылдай алуға, басқа адамдармен қатынасуын бағалай алуға үйреткені жөн.

Жанұя, мектеп, көше – бұл әр баланың қарым-қатынас сферасының ең басты негіздері, бұл сфералардың кейбір модификациясына қарамастан, баланың қатынасу ортасы және өмірлік тәжірибесі аз, қажеттілігі кішігірім, еркіндік оянуы мағынасыз, соған байланысты оның ішкі әлемі тіршіліктің салмақты қамымен, әлеуметтік жаупкершілікпен былғанбаған, қоршаған орта жабық немесе басқа кейіпте фантазия секілді қалыптасқан. Баланың ақылына барлығы қызық болып көрінеді. Өйткені өмірден алынған әсерлер түрлі болып келеді. Бұрынғы кездегідей қазір де балалар мейірімге, жанашырлыққа бейім: әр көкіректік, қызғаныш, ең күшті тұлға болуға ұмтылу секілді қасиеттер бар. Олар келеңсіз жағдайларды тез ұмытса, табыстарын ұзақ уақыт есте сақтайды. Олар пәктігімен, өзінділігімен, тез өкпелегіштігімен ерекшеленеді. Бірақ бала есейген сайын өз сезімдерін көрсетуге ұялады. Осыдан көрініп калатын дөрекілік, жоғары және терең сезімдерін ашық елемей, өз-өзін қандай бағамен болса да көрсеткісі келу пайда болады. Мұғалімге әсіресе өз тәрбиеленушілерінің кейбіреулерінің жанұясындағы, достарымен, немесе оқудағы келеңсіз жағдайы болған кездері қиын тиеді. Бұның барлығы өз оқушылармен қатынасу кезінде жоғары педагогикалық мәдениетті, шыдамдылықты, әдептілікті ең бастысы тәрбиеленушімен болып жатқан жағдайды түсіне білуді талап етеді.

Мұғалім мен оқушының қарым-қатынасы өзара байланысты, келісілген әр түрлі формада, түрде және жағдайда іске асатын байланыстың тізбегін ұсынады. Бұл тізбекте ерекше рольді мұғалім өткізетін сабақ атқарады. Кез-келген пән тәрбиелеу ісіне белгілі бір негізде әсер етеді. Ол рухани байланысу, өз ойларымен алмасу, салмақты түрде әңгімелесу. Дегенмен, сабақтың мазмұны есте қалу,

мұғалім мен оқушының ашық қатынасуы үшін сабақ үйретудің сапалы жұмысын әрқашан қадағалау қажет. Сабақ оқытудың мәселесі – бұл психологиялық қатынаудың мәселесі және «бұны психологиялық қарым-қатынастың негізіне көңіл аудармай шешу мүмкін емес»- деп белгілі психолог А.Н.Леонтьев айтқан.

«Әрбір мектептегі сабақ қарым-қатынас түрі ретінде ақпаратпен алмасу, осымен қатар немесе осымен бірге бір бұрышында басқаша ұйғарылуы, кез-келген сабақ – іскер қарым-қатынасты тәртіпті, өнерді, ынтаны, өз беттілікті қалыптастыруға бейне бере алады. Тәрбиелеу элементі ғылымды үйретуде, мұғалімнің өз ғылымына деген махаббатында және оны оқушыға бере алуында»- деп Л.Н.Толстой тура көрсетіп айтқан. «Оқушыны ғылыммен тәрбиелегің келсе,- деді ол - өз ғылымыңды сүй, сонда ғана тәрбиелей аласың, ал оны өзің сүймесең, онда қанша күш алсаң да ғылым тәрбиеге ықпал жасай алмайды.»

Оқушы тұлғасына ықыласпен көңіл қою – бұл сынып ұжымының расында оның ешкімге ұқсамайтындығын, мінезінің ерекшелігін, еркін ойын, қылығының айрықша екенін мойындау.

Педагог әр баламен ерекше санасуы қажет.

Оқушы мен мұғалімнің жекеше қарым-қатынасы мектепте және басқа ортада кез-келген себеп пен формада іске асады. Қатынарудың тәжірибесіндегі көп кездесетін формалары сабақтан тыс әңгіме, үй жағдайындағы сөйлесу, жеке кеңестер, серуен кезіндегі қысқа әңгімелермен алмасу, мектептегі кештер немесе басқа мекемедегі сұхбаттар. Жеке қатынарудың мұғалімге қоятын талабы көп, ол тәрбие міндеттерін іске асыру кезінде түрлі формаларды пайдалана алуы қажет.

Бұл кезде мұғалімнің алдында ең басты психологиялық міндет тұрады: ол оқушыларды тани білу, талабын ашу, бағалы қасиеттерін табу, оған кедергі болып жүрген жағдайлардан алып шығу т.б. әрбір оқушының өз темпераменті, қабілеті мен мінезі болады. Бұның бәрімен санасу қажет. Сондықтан әрбір оқушылармен әр түрлі қатынасып көңіл қойып, жұмыс істеу керек. Бұл үшін өзінің нақты мамандандырылған, жекешеленген қарым-қатынас стилінің болғаны дұрыс. әрбір оқушымен ізгілік тіпті қатынарудың ең қажет психологиялық талабы – ол құнттылық, ықылас қою, өтімділік және асықпаушылық.

Оқушымен табысты жұмыс істеудің кепілдігі – үздіксіз шыншыл, өзара сынмен талдау арқылы тәрбиеленушілермен өзара байланысу. Әңгіме, кездесу, сөйлесуде әрқашан ұтымды жағын тауып, баланың ішкі жан дүниесімен күресе білетін нақты көмекшілерді іздеп таба білу қажет. Оқушылармен жұмыс істегенде ең бастысы – жақсы ұжым тудыра отырып мұғалімге барлық тәрбиелеу ісіне көмек жасау. Маңызды тәрбиелеудің құралы – мектеп жұмысына біріккен сынып ұжымы. Барлық сыныптың жақсы жұмысының арқасында әрбір оқушыға әсер ете алу әдістері оңай табылады.

Ерекше көңіл аударарлық сфера болып, оқушының ата-анасымен мұғалімнің қарым- қатынасы саналады. Мектептің алдына қойған міндеттер келер көмекті күшейтуді, жас өсіп келе жатқан ұрпақтың тәрбиесіне деген жауапкершілікті көтеруді үздіксіз талап етеді. Оқушы тәрбиесінің тиімділігін жоғарылату көп жағдайда жанұя және мектептің талабы мен ынтасын келістіре жұмыс істеуіне байланысты.

Көзге түсерлік рольді мұғалім мен оның оқушылар ата-анасымен өзара қарым-қатынасы ерекше орындайды. Олардың бірге жұмыс істеуі – оқушының үй жағдайындағы ерекшелігі туралы жан-жақты ақпарат алуына, жанұядағы өзара қарым-қатынас туралы мінезіне, ата-ананың өз баласының үйірмелердегі, секциядағы жетістіктері мен кемшілігі туралы біліп отыруына үлкен әсер етеді. Осыған байланысты ата-ананың өз балаларына деген тартылымдылығын, оларға қандай бағдар беріп отыратындығын байқауға болады. Осындай ақпараттарды мұғалім қаншалықты кең алып отыратын болса, оның ата-ана мен оқушыларға педагогикалық тиімді әсер етуінің мүмкіндіктері өте үлкен болмақ.

Педагогтың оқушы ата-анасымен қатынасуының өзіндік ерекшеліктері бар. Ата-ананың өз баласына деген сүйіспеншілігінен мұғалімнің қылығы мен талабын шектен тыс субъективті деп кездеседі. Ата-анаға өз баласының кейбір қылығы іс-әрекеті тәрбиеге сай келмесе, ол мұғалімге деген көңіл толмаушылыққа әкеліп соғады, ал оған мұғалімнің немқұрайдылығы қосылса, оның нәтижесі мектепке деген кері көзқарасты тудыруы мүмкін.

Көптеген мұғалімдер өз оқушыларының ата-анасымен тығыз байланысып, кездесуді ұйымдастыруға онша белсенбейді, жылдан жылға ата-аналар жиналысы белгілі бір сценарий

бойынша орындалса, онда нақты ақпарат жоқ, нақты педагогикалық қатынас болмайды. Ал көптеген ата-анаға педагогикалық қарым-қатынас өте қажет, оларға өз балалары туралы ақылдасу, жиналған көп сұрақтарды қою, баласының мінез-құлқын білу керек. Оларға көмек беру орнына кейбір мұғалім оны қалай жасау керек екенін өзі де білмейді. Кейде мұғалім ата-ананың жоғарғы жұмыс орнына, жасына, даңқына қарап жасқанады. Ата-анамен (кез-келген категориядағы) қатынасуда мұғалімнің қиналуы оның зиялы әңгіме жүргізе алмауында байланысты. Анықтап қарасақ педагогқа балаға баға қою мен мінезі туралы әңгімеден басқа тақырып жоқ секілді. «Мектеп тақырыбынан» басқа әңгімеден, жан-жақты сөйлесуден мұғалімнің алар ақпараты байланысқа көп әсер береді. Ашық талқыланған ата-ананың өз балаларына қатынасы емес тақырыпта әңгімелесуі, мұғалімнің олар туралы көз-қарасын жөндеуге, кейбір жағымсыз ақпараттарды қай кезде және қалай жеткізудің жөн екенін табуға көп көмек береді.

Мұғалім ата-анамен үй жағдайында қатынасу тиімдірек. Көптеген мұғалімдер оқушы қиын, әлсіз, кінәлі болса ғана пәтерлеріне барады. Бұл дұрыс емес. Барлық жақсы немесе жаман оқитын оқушылардың үйлеріне барып тұруы қажет. Ата-ананың «мектепте ол не істеп қойды?» деген сұрағына жауап беріп, алдын ала баратындығы туралы ескертіп қою керек. Кейбір педагогтар ата-анамен әңгімелесу кезінде өзінің барлық шағымын бірден алдына тартуға тырысады. Бұлай жасауға болмайды. Бұдан ата-ананың (баласына ғана емес, өзіңізге де) ашуланғанынан басқа нәтиже ала алмайсыз. Сіздің ең алғаш жүргізген әңгімеңіз бала туралы бақылағаныңыз, ойыңыз, алған әсеріңіз туралы болуы қажет. Баланың жағымды және жағымсыз қиындықтары бірден талқыланбасын, әлі ешқандай акцентті жасауға асықпаңыз. Абайлап бастаңыз. Ата-ананың тәрбие, талап қалаған жағдайы туралы бағасын, көз-қарасын анықтап алыңыз. Ең алғаш үйіне бару кезінде ата-ананың баласы туралы оның жан-жақты мінезінің ерекшелігі, қылығы, ортасы, күн тәртібі, үлкендер мен өзара қатынасуы туралы ақпаратты көп алуға тырысыңыз. Бұдан әдептілік, сұрақ қою, ақыл сұрау, өтініш айту- ата-анаға, оның психологиясына өте жақсы әсер етеді. Олар өз балалары мен жетекшінің нәтижелі жұмыс істегіндігін түсінеді және бұл мұғалімге көмектескісі келеді. Содан сіз туралы ойланғыш, әдепті деп түсінген ата-ана өзі де, баласын да сізді ойлауға, сізбен теңбе-тең қатынасуға шақыртатындығына сенімді болуыңызға болады.

Әрине, мұғалім ата-анамен әңгімесінде оған ақыл, ұсыныстар беруіне тура келеді. Бұны ешқашанда үзілді-кесілді формада жасамаңыз. Ақылды мысал ретінде келтіріп беріңіз. Бұл үшін басқа ата-ананың тәрбиесінде бар жағымды тәжірибені қолдануға болады. Осымен қатар нақты жағдай, нақты тұлға болғандықтан, ата-анаға да ойлану, күдіктену өрісін қалдыру қажет. Егер ата-ана сізбен келіспесе, қарсы шықса оларға оқушы туралы шағым айтуға, ашулануға, шыдамсыздық көрсетуге, шектен шығуға болмайды. Осындай әңгімелесуде байқаусызда шығып кеткен, жетік ойланылмаған сөздермен біреуді өкпелетуге, тіл тигізге, әділдікті бұзуға өзіңізді жібермеңіз, ол кезде байқап өз сөзіңізді жан-жақты жөнмен айтуға тырысыңыз. Әйтпесе сіз өзіңіздің тәрбие беру жұмысыңыздағы сенімді серігіңізден, ата-ана мен өз оқушыларыңыздың жақсы көз-қарасынан мәңгі болмаса да, ұзақ уақытқа айырыласыз. Сіз ата-анамен олардың баласы жөнінде сөйлесуге келгеніңізді есте сақтаңыз, сіздің міндетіңіз – тәрбиелеу күштеріңізді біріктіруге бағытталған тығыз байланыс жасау. Осыдан ата-ана педагог емес екенін есте сақтай отырып оларға мектеп пен жанұяның талабын біріктіру ойын тастайтын әңгімеге бұрып, ата-анаға педагогпен бірігіп мінез-құлық бағытын жасауға көмектесу қажет. Әрине кейбір ата-ана өз баласына кері қылық көрсетіп, тән және ой денсаулығына қарсы тәрбиелейтін, жауапкершіліктен қашатын жағдайлар да кездеседі. Бұл ерекше жағдай. Сенім мен ақылдасу әдістерінің күші жоқ жерде, нақты іс-әрекетті қолданып, көмекке заң күшін, көпшілік көз-қарасын, халық пен мемлекет ұйымдарының белсенділерін шақыру қажет.

Мұғалім мен ата-ананың өзара іскерлік қатынасы тез арада өздігінен келе қоймайды. Олар мұғалімнің саналы, мақсатты бағытталған, творчестволық жұмысы – оның нәтижесінде келеді. Ата-анамен байланысты тек қана мамандық міндетім деп емес, қызықты, білімді көп тоқыған әңгімелесушім деген ойменен жасаған дұрыс. Ата-анамен жан-жақты байланысу формасы – ол мұғалімнің педагогикалық мәдениетінің көрсеткіші. Ата-анамен педагогтың қатысуында араласқым келсе араласам, болмаса араласпаймын деген тандау-ереже бойынша жоқ. Оқушының жеткілікті жақсы жақтары үшін, оның рухани көңіл күйі үшін мұғалімге бұл тандау бір мағыналы болып келеді, бұл жерде адамдық қарым-қатынастың өнерінен айналып өту мүмкін емес.

ZHARQYN BOLASHAQ

СЕРТИФИКАТ

«ZHARQYN BOLASHAQ»


Республикалық ғылыми - әдістемелік журналы

Түркістан облысы Қазығұрт ауданы
Абай (Ж) атындағы жалпы орта білім беретін мектебі КММ
Мектеп директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары

Мамихова Гулниса Абуталиповна

МАРАПАТТАЛАДЫ

Директор: Даукенова А.Д.



Алматы 2020 жыл



ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМ МЕН БІЛІМДІ ҚОЛДАУ ОРТАЛЫҒЫ
«ЭРУДИТ» ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫ БІЛІМ САЙТЫ



DIPLOM

I дәрежелі

Қазақстан Республикасының Тұңғыш Президенті - Елбасы Қорының
“Үздік қазақ тілді интернет - сайт сыйлығы” байқауында “Білім бұлағы”
аталымының жеңімпазы атанған «Эрудит» интеллектуалды білім сайты
ұйымдастыруымен педагогтар арасында өткен Республикалық
«Жылдың үздік авторы – 2021» атты шығармашылық байқауына
«Білім беру ұйымдарында мектепшілік бақылау»
тақырыбы бойынша қатысып, үздік нәтиже көрсеткені үшін

Мамихова Гүлниса Абуталиповна

марапатталады

Халықаралық ғылым мен білімді
қолдау орталығының директоры



Н.А. Жолтаева

Алматы 2021 жс

тіркеу № 007/813